

Банктік ақпараттық қызметті (кеңес беру қызметін) пайдалануға арналған жария шарт

Осы жария шарттың (бұдан әрі – Шарт) талаптары банктік ақпараттық қызметті (кеңес беру қызметін) көрсетуге байланысты «Kaspi Bank» АҚ пен жеке тұлғалардың арасында туындайтын азаматтық құқықтық қатынастарды реттейді.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Шарттың мақсаты үшін пайдаланылатын терминдер мен анықтамалардың мынадай мағынасы бар:

- 1) Kaspi – «Kaspi Bank» АҚ;
- 2) Биометрикалық деректер – Клиенттің физиологиялық (саусақ іздері, бет-әлпетін тану, қолдың алақаны, көз торшалары, даусы) және биологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын мәліметтер, олардың негізінде оның жеке басын анықтауға болады;
- 3) Дербес деректер – солардың негізінде анықталған немесе анықталатын Клиентке қатысты, Клиент берген электрондық, қағаз және (немесе) өзге материалдық жеткізгіште тіркелген мәліметтер, соның ішінде Клиент ұсынған құжаттарда қамтылған Биометриялық деректер;
- 4) Клиент – Шартты жасасуға бағытталған әрекеттерді жасаған, әрекетке қабілетті жеке тұлға немесе оның өкілі;
- 5) Тараптар – Kaspi мен Клиент;
- 6) Мобильді қосымша – Мобильді қосымша орнатылатын және интернетке қолжетімділігі бар ұялы телефон және өзге құрылғы арқылы электрондық банктік қызметті алуға арналған бағдарламалық қамсыздандыру;
- 7) Жинау – дербес деректерді алуға бағытталған әрекеттер;
- 8) Өңдеу – дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, тосқауылдауға және жоюға бағытталған әрекеттер;
- 9) Электрондық өтініш – өтініш, сұрату, талап-тілек және электрондық пошта арқылы білдірілген хаттың өзге түрі;
- 10) Сайт – интернетті пайдаланушыларға олардың таңдауы бойынша кез келген уақытта және кез келген жерде қолжетімді және интернет желісінде бірегей домендік мекенжайлар бойынша орналасқан интернет желісіндегі мәтіндік және графикалық деректердің жиынтығы.

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1. Бөлек жасалған шартта Kaspi көрсететін қызметінің ақысы көзделген жағдайларды қоспағанда, Kaspi Клиентке, Шарттың талаптарына сәйкес қаржылық қызметке байланысты кейбір мәселелер бойынша ақпараттық қызметті (кеңес беру қызметін) ақысыз көрсетеді.

2.2. Клиент www.kaspi.kz сайтында орналастырылған Шарттың талаптарымен келіседі және ол бойынша өз міндеттемелерін орындайтынын растайды.

2.3. Клиент Kaspi-ге Қызмет алуға өтініш білдірген сәттен бастап Шарт жасалған болып саналады.

3. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТАЛАПТАРЫ

3.1. Клиент төменде көрсетілген әрекеттердің біреуін және (немесе) бірнешеуін жасаған кезде:

- 1) Kaspi-дің жұмыскеріне олар өздерінің лауазымдық міндеттерін орындаған кезеңде Қызмет көрсетуге ауызша/жазбаша немесе Электрондық өтініш білдіргенде;
- 2) Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген кез келген телефон нөмірлері бойынша Kaspi-ге шығыс қоңырау соққанда (ақпаратты дауыспен жеткізу);
- 3) office@kaspi.kz электрондық мекенжайына өтініш білдіргенде;
- 4) Kaspi келіп түскен кіріс қоңырауға жауап бергенде;
- 5) Қызмет алу үшін Kaspi терминалына/банкоматына/бөлімшесіне келгенде;
- 6) Kaspi Қызметін Мобильді қосымшада пайдаланғанда;
- 7) электрондық банктік қызмет алуға өтініш білдіргенде;
- 8) мобильді қосымшалар сервистері, Kaspi серіктестерінің интернет-ресурстары арқылы, оның ішінде кредитке өтінім бойынша Kaspi-дің шешімін алу үшін қызмет алуға өтініш білдіргенде, Kaspi Қызмет көрсетеді.

3.2. Қызмет алуға өтініш білдіре отырып, Клиент Kaspi-дің Қызмет көрсету ережелерімен өзінің танысқанын растайды және орналастырылатын, хабарланатын, берілетін ақпараттың, деректердің Клиентке тиесілі/қатысты екенін не ол осындай ақпаратқа, деректерге қатысты тұлғалардың Қызметті алу мақсатында оны пайдалануға тиісті рұқсатын алғанын растайды.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Клиент:

- 1) моральдық-әдеп ережелерін сақтауға;
- 2) Kaspi-дің үй-жайларында спирттік ішімдіктерді ішпеуге;
- 3) өзімен бірге Kaspi жарылғыш, жеңіл тұтанатын, улы және улағыш заттарды, есірткі мен спирттік ішімдіктер әкелмеуге;

- 4) өзімен бірге Kaspi-ге қару мен оқ-дәрілер әкелмеуге;
- 5) мұндай мақсатқа бөлінген арнайы орындардан басқа Kaspi-дің үй-жайларында темекі шекпеуге;
- 6) Kaspi-дің үй-жайларында сауда жасамауға, буклеттер мен заттарды таратуды ұйымдастырмауға;
- 7) Kaspi-дің басқа Клиенттерімен/келушілерімен және (немесе) Kaspi-дің жұмыскерлерімен қақтығыстарды туындатпауға;
- 8) Kaspi-дің жұмыскерлерімен және (немесе) Kaspi-дің басқа Клиенттерімен/келушілерімен сыпайы болуға және әдепті сөйлесуге;
- 9) техника қауіпсіздігі, санитария, экологиялық қауіпсіздік, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтауға;
- 10) Kaspi-дің үй-жайларын, қоғамдық пайдалану орындарын және Kaspi-дің ғимаратына іргелес жатқан аумақтарды ластамауға;
- 11) Kaspi-дің меншігіне, Kaspi-дің жұмыскерлеріне және (немесе) Kaspi-дің басқа Клиенттеріне/келушілеріне зиян келтірмеуге;
- 12) дербес немесе өзге де деректерді тек Қызмет көрсету мақсатында Клиентке және/немесе оларға қатысты тұлғалардың келісімімен ғана беруге міндетті.

4.2. Клиенттің:

- 1) Kaspi-ден Қызмет көрсетуді талап етуге;
- 2) Шарттың 6.9.-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларынан, Шарттың талаптарынан және міндеттеменің мәнінен шығатын өзге құқықтарды іске асыруға құқығы бар.

4.3. Kaspi:

- 1) Клиент Шарттың 3.1-тармағында көрсетілген әрекеттердің біреуін және (немесе) бірнешеуін жасаған кезде Қызмет көрсетуге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Дербес деректерді қорғауға қажетті, соның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қолдануға және сақтауға;
- 3) Дербес деректерді жинаған және өңдеген кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтауға;
- 4) Дербес деректерді жинаған сәттен бастап және оларды жойған не болмаса иесіздендірген сәтке дейін:
 - a) Дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алуды;
 - b) егер мұндай рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алу мүмкін болмаса, Дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізу фактісін уақытылы анықтауды;
 - c) Дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізудің жағымсыз салдарын барынша азайтуды қамтамасыз ететін Дербес деректерді қорғау бойынша қажетті шараларды қолдануға міндетті.

4.4. Kaspi:

- 1) Клиенттің Дербес деректерін Жинауға және Өңдеуге (жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға), сондай-ақ кез келген үшінші тұлғалардан Клиенттің мобильді қосымшалар сервистерін, Kaspi серіктестерінің интернет-ресурстарын пайдалануына, оның ішінде кредитке өтінім бойынша Kaspi-дің шешімін алуына байланысты беретін деректерді алуға;
- 2) Клиенттің Дербес деректерін және оның жүргізген операциялары туралы деректерді, Kaspi мен мұндай үшінші тұлғалардың арасында жасалған тиісті шарт болған кезде, оның ішінде мобильді қосымшалар сервистері және/немесе Kaspi-дің және/немесе Kaspi серіктестерінің интернет ресурстары арқылы Kaspi-дің қызметтерін алуға өтініш білдіргенде үшінші тұлғаларға беруге;
- 3) Клиенттің телефон нөміріне дауыстық қоңырау соғуға, сондай-ақ Клиентке Kaspi-дің оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік операцияларды жүргізуге берілген лицензияның шегінде көрсететін қызметтері, соның ішінде жаңа банктік өнімдерді ендіруімен Kaspi-дің өткізетін акциялары, арнайы ұсыныстары және т.б. туралы ақпарат жолдау мақсатында Kaspi-дің, сондай-ақ Kaspi-дің өзге уәкілетті тұлғаларының атынан олармен жасалған шарттарға сәйкес SMS-хабарламалар жолдауға;
- 4) Клиентке қосымша жазбаша хабарламай, кез келген сәтте Шартқа біржақты тәртіппен өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге құқылы. Аталған өзгерістер www.kaspi.kz мекенжайы бойынша Kaspi-дің Сайтында көрсетілген өзгерістер жаңа редакцияда жарияланған сәттен бастап күшіне енеді;
- 5) Kaspi-ге Шарттың №1 қосымшасында көрсетілген кез келген нөмір бойынша Клиенттен шығыс қоңырау түскен жағдайда, егер мұндай шығыс қоңырау Шарттың № 2 қосымшасында көрсетілген критерийлердің біріне жауап берсе, Қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1. Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

5.2. Kaspi Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін, егер ондай Клиенттің кінәсінен болса, соның ішінде, егер ол Клиенттің қате деректерді/мәліметтерді көрсетуімен немесе Клиент өзінің атынан емес үшінші тұлғалардың деректерін пайдаланып, Қызметті алу әрекетімен байланысты болса, жауапкершілік атқармайды.

5.3. Kaspi Клиенттің Шарттың талаптарымен және (немесе) Шарттың 4.4.-тармағының 4)

тармақшасында немесе Қызмет көрсету талаптарында көзделген Kaspi-дің Шартқа енгізген өзгерістерімен және толықтыруларымен таныспауына және (немесе) уақытылы таныспауына байланысты Клиентте туындаған кез келген шығындар үшін жауапкершілік атқармайды.

6. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

6.1. Шартты жасасу арқылы Клиент Kaspi-дің оның Дербес деректерін (ТАӘ, ЖСН, туған күні мен жерін, Клиенттің суретін және ұсынылған жеке басын куәландыратын құжаттарда және Клиенттің және/немесе оның өкілінің өкілеттіктерін растайтын құжаттарда қамтылған өзге де деректерді қоса алғанда) Жинауына және Өңдеуіне, атап айтқанда, соның ішінде келесі әрекеттерді жасауға: Kaspi-мен Шарт жасасу және/немесе жасалған шарттарды орындау мақсатында жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, жоюға, пайдалануға, таратуға (соның ішінде трансшекаралық беруге), иесіздендіруге, бұғаттауға, өзгертуге, толықтыруға, дербес деректерді жалпыға қолжетімді ақпарат көздерінде таратуға келісім береді. Аталған әрекеттер автоматтандыру құралдарын, Дербес деректерді өңдеудің бұлтты және өзге де технологияларын, интернет-ресурстарын, оның ішінде Kaspi мен оның серіктестерінің мобильді қосымшаларын пайдаланып жасалуы мүмкін. Клиент сондай-ақ осы Шартта және/немесе Клиенттің өтінішінде көзделген әрекеттерді жүзеге асыру мақсатында Kaspi-ге Клиенттің Дербес деректерін және оның жүргізген операциялары туралы деректерді Kaspi-дің үшінші тұлғаларға беруіне, Kaspi мен мұндай үшінші тұлғалардың арасында жасалған тиісті шарт болған кезде, келісім береді.

Келісім деректерді сақтау/өңдеу жөніндегі заңнама талаптарын орындау мерзіміне қолданылады.

6.2. Шартты жасасу арқылы Клиент Kaspi-ге дауыстық шақыртулар жасауға, сондай-ақ Kaspi-ден, сондай-ақ Kaspi-дің өзге уәкілетті тұлғаларынан олармен жасалған шарттарға сәйкес өзінің (ұялы/мобильді) телефон нөміріне SMS-хабарламалар алуға, сондай-ақ Клиентке Kaspi-дің көрсететін өзге қызметтері, соның ішінде өткізілетін акциялар, жаңа банктік өнімдері, арнайы ұсыныстар және т.б. туралы ақпарат жолдауға келісімін береді.

6.3. Kaspi мен Клиенттің арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы реттелуі тиіс, ал егер бұл мүмкін болмаса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Kaspi орналасқан жері бойынша сотта қаралуы тиіс.

6.4. Тараптардың әрқайсысы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындауға байланысты барлық шығыстарды өз бетінше және өз есебінен төлейді.

6.5. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

6.6. Клиент Шарттың 3.1-тармағында көрсетілген әрекеттерді жасаған сәттен бастап Шарт жасалған болып саналады және күшіне енеді.

6.7. Егер Шарттың бір немесе бірнеше ережесі жарамсыз болса немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына өзгерістер енгізілуіне қарай жарамсыз болып қалса, бұл Шарттың қалған ережелерінің әрекеттерін тоқтатуға негіз болмайды.

6.8. Шартпен тиісінше таныспай, Қызмет алу үшін өтініш білдіру фактісі анықталған жағдайда, Клиенттің Шарттың 3.1-тармағына сай Kaspi-ге Қызмет алуға өтініш білдіруі арқылы Клиенттің Шартпен танысқанын растағанға дейін Kaspi Қызмет көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

6.9. Шарт мерзімсіз қолданылады және Тараптардың бірінің бастамасымен біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін. Бұл ретте Kaspi-мен жасалған шарт(-тар) бойынша Клиенттің орындалмаған міндеттеме(-лері)сі болған жағдайда, Клиент біржақты тәртіппен Шартты бұза алмайды. Клиент Kaspi-ге Қызмет алуға Шарт бұзылғаннан кейін өтініш білдірген жағдайда, Шарт қайта жасалған болып саналады.

7. KASPI-ДІҢ МЕКЕНЖАЙЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«Kaspi Bank» АҚ, БСН 971240001315

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 154А үй

Электрондық мекенжай: office@kaspi.kz;

Интернет-ресурс: www.kaspi.kz, www.kaspi.kz

Банктік ақпараттық қызметті
(кеңес беру қызметін) пайдалануға
арналған жария шартқа
№ 1 қосымша

Мобильді телефоннан қоңырау шалу үшін Call Center-дің қысқа нөмірлері:

9999

Үй телефонынан қоңырау шалу үшін Call Center-дің нөмірлері:

2585965,

2585995

Шетелден телефон соғу үшін Call Center нөмірі:

258 59 89

Қызмет көрсетуден бас тарту критерийлері

Егер Kaspi Шарттың №1 қосымшасында көрсетілген кез келген нөмірлердің бірі бойынша Клиенттен түскен шығыс қоңыраулары төмендегі критерийлердің біріне жауап берген жағдайда:

- 1) Клиент алкогольдік немесе нашақорлық күйінде болса: әңгіме қисынсыз болса, Клиент қаржы қызметіне байланысты емес сұрақтармен өтініш білдіріп, бірнеше рет қоңырау соқса;
- 2) Клиент қаржы қызметіне байланысты емес сұрақтармен балағат сөздерді пайдаланып, бірнеше рет қоңырау соқса;
- 3) Клиент бір сұрақты қайта-қайта қойып, жауап алу мақсатында емес, Kaspi жұмыскерімен әңгімелесу (сөйлесу) мақсатында бірнеше рет қоңырау соқса;
- 4) Клиенттің телефон нөмірінен бірнеше рет қысқа қоңырау соғылса және олар абоненттің тарапынан шақыруды тоқтатумен аяқталса;
- 5) Телефон нөмірінен қаржы қызметіне байланысты емес, бірнеше рет қоңырау соғылса (балалардың қоңырау соғуы, тауарларға тапсырыс беру, таксиді шақырту және т.б.), Клиентке Қызмет көрсетуден бас тартылуы мүмкін.